

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ «№19 ОРТА МЕКТЕБІ» КММ

**2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

Ақтөбе 2022ж.

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ «№19 ОРТА МЕКТЕБІ» КММ
2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ҚЫЗМЕТТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Психолог қызметінің негізгі мақсаты - даму және оқу-тәрбиелеу процесін психологиялық қамтамасыз ету, яғни білім процесіне қатысушылардың денсаулығын қорғау мақсатында, оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру және жүргізу.

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:

- Білім беру жүйесінің барлық субъектілеріне қажетті психологиялық көмек беру (мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар);
- Баланың жас ерекшелігіне байланысты, әрбір даму сатысында тұлғалық, интеллектуалдық және кәсіби дамуын қамтамасыз ету.
- Оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге психологиялық көмекті және де меуді ұйымдастыру.

1,5,10 КЛАСС ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БЕЙІМДЕЛУ ДЕҢГЕЙІНІҢ
ДИАГНОСТИКАСЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Ағымдағы оқу жылда 1-нші сыныпқа қазақ және орыс сыныбына барлығы 132 оқушы қабылданды. Қазан айында 1-класс оқушыларының оқуға бейімделуі мен психологиялық даярлығын анықтау мақсатында Керн-Йерасек және “Аңдар мектебі” әдістемесі алынды. Жүргізілген әдістемелер нәтижесінде бейімделуі төмен деңгейді көрсеткен 6 оқушы анықталды. Бейімделудің төмен деңгейін көрсеткен оқушылармен мазасыздықты жоюға бағытталған және оқуға психологиялық даярлықты нығайту мақсатында психологиялық дамыту-түзету жұмыстары өткізілді. Сәуір айында оқушылардың бейімделуін қайта зерттеу мақсатында Керн-Йерасек әдістемесі алынды. Нәтижесінде бейімделудің төмен деңгейін көрсеткен оқушы анықталмады.

Биыл 5 сыныптарда барлығы 107 оқушы білім алуда. Аталған сынып

оқушыларының оқу процесіне бейімделуін зерттеу үшін Н.Г.Лускановтың “Оқу мотивациясы” анкетасы және Пономаренконың “Ағаш” әдістемесі алынды.Зерттеу нәтижесінде 9 оқушы бейімделудің төмен деңгейін көрсетті. Бейімделудің төмен деңгейін көрсеткен оқушылармен психологиялық дамыту-түзету жұмыстары жүргізілді.Сәуір айында оқушылардың бейімделуін қайта зерттеп, нәтижесінде бейімділудің төмен деңгейін көрсеткен оқушы анықталмады.

10 сыныптар бойынша барлық 69 оқушының бейімделуін зерттеу мақсатында Н.Г.Лусканов анкетасы алынды.Анкета нәтижесі бойынша бейімделудің төмен деңгейін көрсеткен 4 оқушы анықталып,психологиялық түзету,қолдау жұмыстары жүргізілді.



ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

2021-2022 оқу жылында психодиагностикалық бағыт бойынша жоспарға сүйене отыра,бірқатар әдістемелер алынды.Қазан айында 8,9,10,11 сынып оқушыларынан стрес,депрессия,мазасыздық деңгейлерін анықтау мақсатында DASS сауалнамасы алынды.Сауалнама нәтижесі бойынша шекті мәннен асқан көрсеткішті оқушы анықталмады.Қараша айында 6-ншы сынып оқушыларының темперамент типтерін анықтау мақсатында Айзенк тесті алынды.Сонымен қатар, 6-7 сынып оқушыларына

мазасыздық деңгейін анықтайтын Филлипс тесті өткізілді. Тест нәтижесін бойынша, шекті мәннен асқан бала анықталған жоқ. Жалпы психологиялық диагностикалық зерттеудің қорытындысы бойынша ерекше назарды талап ететін оқушылар анықталмады.

Бірінші жарты жылдықта 9,11 сынып оқушыларының кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында Е.Климовтың тұлғалық типтерін анықтау әдістемесі және Голланд әдістемесі алынып, хаттамалар толтырылды. Оған қоса оқушыларға “Кәсіби бағыттылық”, “Мамандықты қалай тандаймын? Нені білуім керек?” тақырыбында видеороликтер көрсетіліп, әңгімелесу жүргізілді.



ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКА ЖӘНЕ АҒАРТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

Оқу жылының басында оқушылармен бірге, ата-аналар жиналысына қатысым жасалып, мектептегі психологиялық қызмет жайлы, “Сенім телефоны” және “Сенім жәшігі” жұмысы туралы ақпараттандыру жұмыстары жүзеге асты. Қараша айында мектебіміздің медбикесі Э.С.Смайловамен біріге отырып “Ерте жүктіліктің алдын алу” тақырыбында 9-11 сыныптың қыз балаларымен әңгіме

жүргізілді. Оқушылар арасындағы суицидтің алдын алу бойынша «Эмоциямызды қалай басқарамыз?», «Эмоционалды-дағдарысты күй және одан қалай арыламыз?», «Конфликтті шешу және алдын алуды үйренеміз» т.б тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен профилактикалық әңгімелесу өткізілді. Сонымен қатар, желтоқсан айында оқушылар мен сынып жетекшілердің сұранысы бойынша 8,9,10,11 сынып оқушыларына психикалық денсаулық туралы хабардар ету мақсатында «Көңіл-күйінді көтеріп, қуана біл» кітапшалары таратылды.



ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ-ДАМУШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

2021-2022 оқу жылында оқушылармен оқу процесі мен мектепке сәтті бейімделуге, мазасыздықты пен стрессті жоюға, оқу мотивациясын жетілдіруге, ҰБТ және емтиханалды психологиялық даярлықты қамтамасыз ету мақсатында жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары ұйымдастырылды. Мектебімізде ЕБҚ бар оқушылар білім алуда, оның ішінде 19-ы жалпы сыныпта, 39-ы арнайы түзету сыныптарында. ЕБҚ оқушылармен

жоспарға сәйкес жыл бойы түзету-дамыту сабақтары жүргізілді. Яғни, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен таным процестерін дамыту, эмоционалдық күйін түзету, коммуникативті дағдыларын дамыту сияқты жұмыстар өткізілді. Сонымен қатар сынып ішінде жайлы атмосфера және позитивті көңіл-күй сыйлау мақсатында әртүрлі қызықты тренинг жаттығулар да ұйымдастырылды.



КЕҢЕС БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ

2021-2022 оқу жылында психологиялық қызметтің кеңес беру бағыттары бойынша оқушылармен барлығы 83 сұхбаттасу жүргізілді, оның ішінде 39-ы топтық, 44-і жеке. Кеңес берудің тақырыптары көбіне: ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілік, мамандық таңдау, сыныптастарымен кикілжіңдер және т.б. болды.

Кеңес беру бағыты бойынша мұғалімдермен барлығы 35 сұхбат жүргізілді. Баланың оқуы мен тәртібіне байланысты, сұраныстары бойынша кеңес берілді.

Аталған бағыт бойынша ата-аналармен 42 сұхбат жүргізілді. Кеңес беруге жүгінуге негізгі себептердің бірі балалардың оқуға деген қызығушылығының төмендеуі, баламен тіл табысудағы қиындықтар болды.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

2021-2022 оқу жылында мектебімізде қазақ және орыс кластарында барлығы 93 дарынды оқушы анықталып, танымдық қабілеттерін дамыту, лидерлік қабілеттерін дамыту, шығармашылық ой-өрісі мен мотивацияны дамыту мақсатында ойындар, топтық тренингтер өткізілді. Жыл бойы оқушыларды әр түрлі олимпиадаларға тарту жұмыстары да жүзеге асырылды. Оған қоса, 10-11 жастағы оқушылар “Qabilet” бағдарламасы бойынша тест тапсырып, қызықты логикалық тапсырмаларды орындады.



«ТӘУЕКЕЛ» ТОБЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

Ағымдағы оқу жылында тәуекел тобына барлығы 12 оқушы енгізілді, оның ішінде ИДН тіркеуінде 1 оқушы, мектепшілік тіркеуде 3 оқушы. Осы санаттағы оқушылармен жыл бойы жұмыс жоспарына сай психологиялық түзету, кеңес беру және алдын алу жұмыстары

жүргізілді. Уақтылы сынып жетекшілер мен әлеуметтік педагогтармен біріге ерекше назардағы оқушылардың тұрмыстық жағдайлары тексерілді. Жыл бойы ата-аналары және сынып жетекшілермен үздіксіз байланыс жасалып, оқушылар оқитын сыныппен тренинг-ойындар ұйымдастырылып, оқушыларға бақылау жасалынды.



АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

Психологиялық қызметтің жоспарына сәйкес, жыл бойы мектебіміздің ата-аналарымен психологиялық бірқатар жұмыстар ұйымдастырылды. Ата-аналармен баланы оқыту мен тәрбиелеуге қатысты, жеке сұраныстары бойынша жыл бойы кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Оқу жылының басында ата-аналар жиналысына қатысым жасап, мектебіміздің “Сенім” телефоны және жәшігі қызметі туралы ақпарат айтылды. Жиналыстарда балаларынан алынған әдістемелердің қорытындысымен таныстырылып, қажетті қолдау мен көмек көрсетілді.



ПЕДАГОГТЕРМЕН ЖҰМЫС

Биылғы оқу жылында мектебіміздің жас педагогтерімен эмоционалды күйдің алдын алу тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында педагогтерге эмоционалды қысымды жоюға бағытталған, шабыт пен нәтижелі жұмыс жасауға жетелейтін қызықты жаттығулар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, педагогтерге баланы оқыту мен тәрбиелеуге қатысты мәселелеріне қатысты, жеке сұраныстары бойынша кеңес беру жүргізіліп, ұсыныстар айтылды.



«СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» ЖӘНЕ «СЕНІМ ЖӘШІГІ» БОЙЫНША ЖҰМЫС

2021-2022 оқу жылының басында 1-11 класс оқушылары мен барлық

ата-аналар мектебіміздегі «Сенім телефоны» және «Сенім жәшігі» қызметі туралы хабардар етілді. Аталған оқу жылында бұйрыққа сәйкес сенім жәшігі және сенім телефонымен келесі жұмыстар жасалды: айына 2 рет мектеп директоры Ж.М.Шабаровпен, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ж.А.Китигулова мен С.М.Аяпбергенова, мектеп психологтары І.Б.Хамитова, Ш.Т.Ахметтің қатысуымен сенім жәшігі ашылды. Биыл «Сенім жәшігіне» барлығы 4 хат келіп түсті. Хаттардың мазмұндары көбінесе оқушылар арасындағы қарым-қатынас жөнінде, жаңа жылды ұйымдастыру жайында болды. Түскен хаттардың барлығы қаралып, тиісті шешімдер қабылданды. «Сенім телефонына» 6 қоңырау түсті. Қоңыраудың мазмұны, көбінесе, ата-ана мен бала қарым-қатынасына қатысты, баланың өзін-өзі бағалауына байланысты болса, оқушылар тарапынан мейрамдар мен дискотеканың ұйымдастыруы туралы ұсыныстар болды.

Шешімі: 2021-2022 оқу жылының есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша көзделген психологиялық жұмыстар жұмыстар жүзеге асты. 2022-2023 оқу жылында суицидтің және девиантты мінез-құлықтың алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстарға көп көңіл бөлінуі тиіс.

2022-2023 оқу жылына қойылатын міндеттер:

1. Жоғары буын оқушыларының мамандық таңдауына психологиялық көмекті кешенді ұйымдастыру.
2. Білім алушылардың мәселелерін шешудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру және жүзеге асыру.
3. “Тәуекел” тобындағы оқушылармен іс-шаралар ұйымдастыру.
4. Девиантты мінез-құлықты түзету бойынша жеке және топтық сабақтардың жаңа формаларын ойластыру.

Мектеп психологтары: І.Б.Хамитова

Ш.Т.Ахмет